

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 290 Заңы.

Оралда 2006 жылғы 3 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі туралы
КЕЛІСІМ**

(2009 жылғы 27 сәуірде күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

тарихи қалыптасқан тату көршілік қатынастарды ескере отырып,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының арасындағы шаруашылық, мәдени және басқа да дәстүрлі байланыстарды сақтау мен дамытудың қажеттілігін тани отырып,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекаралас облыстарының ынтымақтастығы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1995 жылғы 26 қаңтардағы келісімнің 7-бабының ережелерін ескере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"шекара маңындағы аумақтар" - осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген, Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасына тікелей жанасатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының әкімшілік-аумақтық бірліктері;

"шекара маңындағы аумақтардың тұрғындары" - шекара маңындағы аумақтарда тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының азаматтары;

"шекара" - 2005 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартта белгіленген Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы;

"шекараны кесіп өту орындары" - шекара маңындағы аумақтардың тұрғындары осы Келісімнің шарттарында оны кесіп өтуі үшін белгіленген Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасындағы орындар және олар арнайы жабдықталуы мүмкін;

"Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері" - Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы шекара өкілдердің қызметі туралы 2004 жылғы 9 қаңтардағы келісімге сәйкес тағайындалған лауазымды тұлғалар.

2-бап

Екінші Тарап мемлекетінің шекара маңындағы аумағына үш тәулікке дейінгі мерзімге келетін, сондай-ақ кері қарай кететін бір Тарап мемлекетінің шекара маңындағы аумағының тұрғындары осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген шекараны кесіп өту орындарында шекараны кесіп өте алады және бұл ретте уақытша келген мемлекеттің заңнамасын, сондай-ақ осы Келісімнің шарттарын сақтауға міндетті.

Көрсетілген орындарда шекараны кесіп өтудің тоқтатылуы (шекара арқылы қатынастардың аяқталуы) Тараптардың уағдаластығы бойынша жүзеге асырылады.

3-бап

Шекараны кесіп өту орындарында шекара маңындағы аумақтардың тұрғындарын өткізу режимін ұйымдастыру Тараптар мемлекеттерінің шекара ведомстволарына жүктеледі.

4-бап

Жұқпалы індеттер, жануарлар індеттері, дүлей зілзалалар немесе басқа да күтпеген жағдаяттар мен төтенше жағдайлар кезінде Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері шекара маңындағы аумақтар тұрғындарының шекараны кесіп өтуін уақытша тоқтата тұруы мүмкін.

Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері уақытша шектеулерді енгізгенге және олардың күші жойылғанға дейін кемінде 24 сағат бұрын бір-бірін хабардар етеді.

5-бап

Шекара маңындағы аумақтардың тұрғындары, егер Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері уағдаластықтарында өзгеше көзделмесе, тәуліктің кез келген уақытында жаяу, велосипедтермен немесе жегін көлігімен шекараны кесіп өтеді.

Екінші Тарап мемлекетінің шекара маңындағы аумағына келетін, сондай-ақ шекараны кесіп өткен сол жерден кері қайтатын бір Тарап мемлекетінің шекара маңындағы аумағының тұрғындары өздеріне тиесілі жеңіл автомобильдерді, мотоциклдерді және мопедтерді осы Келісімнің 2-бабында белгіленген мерзімде шекара арқылы тіркеусіз өткізе алады.

Шекара маңындағы аумақтардың тұрғындары жеке басының, отбасының, үй шаруашылығының және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес өзге де мұқтаждарына арналған тауарларды әрбір Тарап мемлекетінің заңнамасында көзделген тауарларды кеден баждары мен салықтарды төлеусіз әкелу (әкету) нормаларынан аспайтын мөлшерде шекара арқылы өткізе алады.

Шекара маңындағы аумақтар тұрғындарының өндірістік немесе өзге де коммерциялық қызметке арналған не әкелуге (әкетуге) тыйым салынған немесе Тараптар мемлекеттерінің тиісті органдарының рұқсат беретін құжаттарының болуы талап етілетін тауарларды әкелуге (әкетуге) ниеті болған жағдайда, оларды шекараны кесіп өту орындары арқылы жүруіне жол берілмейді. Мұндай тұрғындар Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы 1998 жылғы 23 желтоқсандағы келісімде көзделген өткізу пункттерінде шекараны кесіп өтуге міндетті.

Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері шекара маңындағы аумақтардың әкімшіліктерімен бірлесіп, шекара маңындағы аумақтар тұрғындарын алдын-ала хабардар ету үшін әкелуге (әкетуге) тыйым салынған не Тараптар мемлекеттерінің тиісті органдарының рұқсат беретін құжаттарының болуы талап етілетін тауарлардың тізбесімен қажеттілігіне қарай алмасады.

6-бап

Шекара маңындағы аумақтардың тұрғындары осы Келісімге 3-қосымшада көрсетілген құжаттардың негізінде, осы Келісімде белгіленген шекараны кесіп өту орындарында шекараны кесіп өтеді.

7-бап

Егер бір Тарап мемлекетінің шекара маңындағы аумақ тұрғынының екінші Тарап мемлекетінің аумағында болуы кезеңінде осы Келісімге 3-қосымшада көрсетілген

құжаттары жоғалған немесе бүлінген жағдайда, мұндай тұрғын бұл туралы барған мемлекетінің ішкі істер органдарына кідіріссіз хабарлауға міндетті.

Мұндай жағдайда барған мемлекеттің ішкі істер органдары жеке басын анықтағаннан кейін, көрсетілген тұрғынға құжаттарын жоғалтқаны туралы анықтама береді, анықтама шекарада белгіленген өткізу пункттері арқылы тұратын мемлекетінің аумағына оралу үшін негіз болып табылады.

8-бап

Осы Келісімнің шарттары негізінде шекараны кесіп өтетін шекара маңындағы аумақтардың тұрғындары барған Тарап мемлекетінің заңнамасын сақтауға міндетті.

Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері Тараптар мемлекеттерінің шекара маңындағы аумақтарында әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны немесе шекараны кесіп өту ережесін бұзғаны үшін ұсталған шекара маңындағы аумақтардың тұрғындарын қабылдауды (беруді) ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдайды. Бұл ретте құқық бұзу дәлелдемелерін жинау мен ресімдеу аумағында құқық бұзушылық жасалған Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Шекара маңындағы аумақтардың тұрғындары шекара арқылы тауарларды өткізу бөлігінде Тараптар мемлекеттерінің кедендік заңнамасының талаптарын бұзғаны айқындалған жағдайда, Тараптар мемлекеттерінің шекаралық биліктері мұндай фактілер туралы аумағында құқық бұзушылық жасалған Тарап мемлекетінің кеден органдарына жедел хабарлайды. Бұл ретте, құқық бұзушылық жасаған адам, аумағында құқық бұзушылық жасалған Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес жауап береді.

9-бап

Осы Келісімді іске асыру барысында туындайтын келіспеушіліктер Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдерінің отырыстарында (кездесулерінде) талқыланып, шешіледі.

Шешілмеген келіспеушіліктер әрі қарай қаралуы үшін дипломатиялық арналар бойынша Тараптарға беріледі.

10-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен ресімделеді.

11-бап

Осы Келісім қол қойылған уақыттан бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірде-бірі кезекті кезең аяқталардан кем дегенде 6 ай бұрын өзінің осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарламаса, әрбір жолы келесі 5 жылдық кезеңге ұзартылатын болады.

2006 жылғы 3 қазанда Орал қ. әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ ҮШІН ҮКІМЕТІ ҮШІН

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан
Республикасының және Ресей Федерациясының
шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының
Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын
кесіп өту тәртібі туралы келісімге

1-қосымша

Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтарының

ТІЗБЕСІ

I. Қазақстан Республикасы

Ақтөбе облысы

Әйтеке би ауданы Мәртөк ауданы

Хромтау ауданы Қобда ауданы

Қарғалы ауданы

Атырау облысы

Құрманғазы ауданы

Шығыс Қазақстан облысы

Бесқарағай ауданы Зырян ауданы

Бородулиха ауданы Глубокое ауданы

Шемонаиха ауданы Катонқарағай ауданы

Риддер қаласы

Батыс Қазақстан облысы

Шыңғырлау ауданы Жәнібек ауданы

Бөрлі ауданы Қазталов ауданы

Зеленов ауданы Бөкей ордасы ауданы

Тасқала ауданы
Қостанай облысы
Ұзынкөл ауданы Таран ауданы
Мендіғара ауданы Денисов ауданы
Федоров ауданы Жітіқара ауданы
Қарабалық ауданы
Павлодар облысы
Шарбақты ауданы Железин ауданы
Успен ауданы Ертіс ауданы
Лебяжі ауданы Качир ауданы
Солтүстік Қазақстан облысы

Уәлиханов ауданы Қызылжар ауданы
Ақжар ауданы Мамлют ауданы
М.Жұмабаев ат. аудан Жамбыл ауданы

II. Ресей Федерациясы

Алтай Республикасы
Қос-Ағаш ауданы Усть-Коксин ауданы
Усть-Кан ауданы
Алтай өлкесі
Бөрілі ауданы Рубцов ауданы
Змеиногор ауданы Славгород ауданы
Ключев ауданы Табын ауданы
Құлынды ауданы Третьяков ауданы
Локтев ауданы Углов ауданы
Михайлов ауданы Чарыш ауданы
Землиногорск қаласы Славгород қаласы
Рубцовск қаласы Яровое қаласы
Астрахан облысы
Ахтубин ауданы Камызяк ауданы
Володар ауданы Лиман ауданы
Икрянин ауданы Қарабалин ауданы
Краснояр ауданы
Волгоград облысы
Палласов ауданы Старополтав ауданы
Қорған облысы
Звериноголов ауданы Половин ауданы
Куртамыш ауданы Притобольный ауданы
Макушин ауданы Целинный ауданы

Петухов ауданы
Новосибирск облысы
Баған ауданы Купин ауданы
Карасук ауданы Чистоозерный ауданы
Омбы облысы
Есілкөл ауданы Полтава ауданы
Назыбаев ауданы Русско-Полян ауданы
Нововаршав ауданы Шарбақкөл ауданы
Одесса ауданы Черлак ауданы
Павлоград ауданы
Орынбор облысы
Адамов ауданы Первомай ауданы
Ақбұлақ ауданы Светлин ауданы
Беляев ауданы Соль-Илецк ауданы
Гай ауданы Ташлин ауданы
Домбаров ауданы Яснен ауданы
Илек ауданы Новотроицк қаласы
Кваркен ауданы Орск қаласы
Қуандық ауданы
Самара облысы

Болынечернигов ауданы
Саратов облысы
Александрово-Гай ауданы Озин ауданы
Дергачев ауданы Перелюб ауданы
Новоузенъ ауданы Питер ауданы
Түмен облысы
Бердюж ауданы Сладков ауданы
Қазан ауданы
Челябі облысы
Бредин ауданы Октябрь ауданы
Варнен ауданы Троицк ауданы
Қарталы ауданы Чесмен ауданы
Троицк қаласы
Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Ресей Федерациясының Үкіметі
арасындағы Қазақстан
Республикасының және Ресей
Федерациясының шекара маңындағы

аумақтары тұрғындарының Қазақстан-
Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту
тәртібі туралы келісімге
2-қосымша

Шекараны кесіп өту орындарының тізбесі

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 115-V Заңымен.

Қазақстан Республикасы Ресей Федерациясы
Шығыс Қазақстан облысы Алтай Республикасы
Риддер Кордон - Қарағай Усть-Коксин ауданы
қаласы

Алтай өлкесі

Бесқарағай Березовка - Шадруха Углов ауданы
ауданы
Бородулихин Переменовка - Новенькое Локтев ауданы
ауданы

Павлодар облысы

Шарбақты Северное - Табуны Табын ауданы
ауданы
Шарбақты Жаңаауыл - Васильчуки Ключев
ауданы ауданы
Лебяжі Бәйімбет - Бостан Михайлов
ауданы ауданы

Батыс Қазақстан облысы Астрахан облысы

Бөкей ордасы Молодость - Верхний Ахтубин
ауданы Басқұншақ ауданы

Атырау облысы

Құрманғазы Қиғаш - Малый Арал Краснояр
ауданы ауданы
Құрманғазы Котяевка - Қара-Өзек Краснояр
ауданы ауданы
Құрманғазы Балқұдық - Қарабалы Қарабалин ауданы
ауданы
Құрманғазы Жаңаауыл - Гусиный Володар ауданы
ауданы
Құрманғазы Көптоғай - Теплика Краснояр ауданы
ауданы
Құрманғазы Жалғызпап - Басқұншақ Ахтубин ауданы
ауданы

Қостанай облысы Қорған облысы

Федоров Белояровка - Луговое Целинный ауданы

ауданы

Мендіғара Ұзынағаш - Қазақ-Көшірдік Целинный ауданы

ауданы

Мендіқара Көктерек - Целинный Целинный ауданы

ауданы

Ұзынкөл Березово - Звериноголовское Звериноголов

ауданы ауданы

Ұзынкөл Сибирка - Зубаревка Звериноголов

ауданы ауданы

Ұзынкөл Песчанка - Ясная Притобольный

ауданы ауданы

Ұзынкөл Гренадерка - Романово Половин ауданы

ауданы

Солтүстік Қазақстан облысы

Жамбыл Богатое - Подувальная Петухов ауданы

ауданы

Жамбыл Айымжан - Неверовское Макушин ауданы

ауданы

Мамлют Михайловка - Октябрьское Петухов ауданы

ауданы

Павлодар облысы Новосибирск облысы

Железин Петропавловка - Березовка Купин ауданы

ауданы

Железин Жамбыл - Орловка Купин ауданы

ауданы

Успен Қосақ - Павловка Карасук ауданы

ауданы

Качир Сұлу Ағаш - Новокарасук Карасук ауданы

ауданы

Железин Красновка - Тереңкөл Баған ауданы

ауданы аялдамасы

Железин Новокузьминка - Новокрасное Чистоозерный

ауданы ауданы

Солтүстік Қазақстан облысы Омбы облысы

М.Жұмабаев Круглое - Емонтаево Есілкөл ауданы

ат.аудан

М.Жұмабаев Надежка - Кромы Есілкөл ауданы

ат.аудан

М.Жұмабаев Қарағанды - Украинка Есілкөл ауданы

ат.аудан

М.Жұмабаев Куломзино - Кисляки Называев ауданы

ат.аудан

Ақжар Найзатомар - Орехово Одесса ауданы

ауданы

Ақжар Ұялы - Гришковка Одесса ауданы

ауданы

Уәлиханов Ақтүйесай - Громогласово Одесса ауданы

ауданы.

Уәлиханов Қаратерек - Юрьевка Павлоград

ауданы ауданы

М.Жұмабаев Александровка - Мечебилово Полтава ауданы

ат.аудан

М.Жұмабаев Золотая Нива - Новоильиновка Полтава ауданы

ат.аудан

Ақжар Киевское - Длинное Полтава ауданы

ауданы

Ақжар Горьковское - Еремеевка Полтава ауданы

ауданы

Ақжар Ақсары - Новоскатовка Шарбақкөл ауданы

ауданы

Уәлиханов Қаратерек - Алабота Русско-Полян

ауданы ауданы

Уәлиханов Амангелді - Хлебодаровка Русско-Полян

ауданы ауданы

Уәлиханов Озерное - Калинино Русско-Полян

ауданы ауданы

Уәлиханов Үлкен Қараой - Никополь Полтава ауданы

ауданы

Павлодар облысы

Ертіс Майқоңыр - Голубовка Русско-Полян

ауданы ауданы

Ертіс Майқоңыр - Черлакское Нововаршав

ауданы

Ертіс Ертіс - Қараман Нововаршав ауданы

ауданы ауданы

Железин Лесное - Кузнецовка Черлак ауданы

ауданы

Батыс Қазақстан облысы Орынбор облысы

Зеленов Чесноково - Рубежинский Первомай ауданы

ауданы

Зеленов Раздольное - Усов Первомай ауданы

ауданы

Зеленов Кирсаново - Раннее Ташлин ауданы

ауданы

Бөрлі Жаңаталап - Затонное Илек ауданы

ауданы

Шыңғырлау Шоқтыбай - Озерки Илек ауданы

ауданы

Шыңғырлау Шыңғырлау - Линевка Соль-Илецк

ауданы ауданы

Ақтөбе облысы

Қобда Жиренқопа - Ивановка Соль-Илецк ауданы

ауданы

Қобда Қоғалы - Покровка Соль-Илецк ауданы

ауданы

Мәртөк Степь - Веселый Второй Ақбұлақ ауданы

ауданы

Қобда Терісаққан - Новомарьевка Ақбұлақ ауданы

ауданы

Қобда Ақраб - Шкуновка Ақбұлақ ауданы

ауданы

Қобда Жиренқопа - Первомайское Соль-Илецк

ауданы

Мәртөк Покровка - Хлеборобное Беляев ауданы

ауданы

Мәртөк Студенческое - Новый Қуандық ауданы

ауданы

Қарғалы Әлімбет - Пригорное Новотроицк

ауданы қаласы

Қарғалы Степное - Полевой Домбаров ауданы

ауданы

Хромтау Майтөбе - Қожамберлі Домбаров ауданы

ауданы

Қарғалы Көженсай - Прибрежный Домбаров ауданы

ауданы

Айтекеби Теренсай - Ақтөбе Светлин ауданы

ауданы

Әйтеке би Әйтеке би - Союзное Яснен ауданы

ауданы

Қостанай облысы

Жітіқара - Восточный Светлин ауданы

ауданы Аққарға

Жітіқара - Каменецк Адамов ауданы

ауданы Жалтыркөл

Жітіқара Адамов ауданы

ауданы Волгоградское - Комсомольский

Жітіқара Бірсуат - Екатериновка Кваркен ауданы

ауданы

Батыс Қазақстан облысы Саратов облысы

Тасқала Есенсай - Новозизеевка Дергачев ауданы

ауданы

Тасқала Чижа-2 - Восточный Дергачев ауданы

ауданы

Жәнібек Новоузень ауданы

ауданы Жақсыбай - Петропавловка

Қазталов Болашақ - Пограничное Новоузень ауданы

ауданы

Қазталов Аққурай - Шукеев Новоузень ауданы

ауданы

Тасқала

ауданы Беленькое - Горный Озин ауданы

Зеленов Карпово - Комсомольский Озин ауданы

ауданы

Зеленов Вечный - Холманка Перелюб ауданы

ауданы

Жәнібек Таловка - Малый Узень Питер ауданы

ауданы

Жәнібек Зерновая - Нива Питер ауданы

Қазталов Қошанкөл - Врафоломеевка Александрово-

ауданы Гай ауданы

Қазталов Қазталов - Фомин Александров-Гай

ауданы ауданы

Солтүстік Қазақстан облысы Түмен облысы

Қызылжар Гайдуково - Новоалександровка Қазан ауданы

ауданы

Қызылжар Долматово - Викторовка Қазан ауданы

ауданы

Қызылжар Красный Яр - Ельцово Қазан ауданы

ауданы

Қызылжар Сумное - Благодатное Қазан ауданы

ауданы

М.Жұмабаев Куломзино - Новоказанка Сладков ауданы

ат.аудан

М.Жұмабаев Гаврино - Александровка Сладков ауданы

ат.аудан

Қызылжар Гайдуково - Зарослое Бердюж ауданы

ауданы

Қостанай облысы Челябинь облысы

Денисов Комаровка - Княженский Бредин ауданы

ауданы

Денисов Приречное - КрасныйОктябрь Варнен ауданы

ауданы

Қарабалық Приречное - Казановка Варнен ауданы

ауданы

Денисов Подгорный - Маслоковцы Варнен ауданы

ауданы

Қарабалық Победа - Плодовый Троицк ауданы

ауданы

Қарабалық Шадьксаевка - Ключевка Троицк ауданы

ауданы

Қарабалық Подгородка - Кварцитный Троицк ауданы

ауданы

Федоров Новоукраинка - Қаракөл Октябрь ауданы

ауданы

Федоров Грачевка - Қаракөл Октябрь ауданы

ауданы

Федоров Кеңерал - Петровский Октябрь ауданы

ауданы

Қарабалық Боскөл - Луговой Чесмен ауданы

ауданы

Қарабалық Жамбыл - Огнеупорный Чесмен ауданы

ауданы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей

Федерациясының Үкіметі арасындағы

Қазақстан Республикасының және Ресей
Федерациясының шекара маңындағы
аумақтары тұрғындарының Қазақстан-Ресей
мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі
туралы келісімге

3-қосымша

Шекара маңындағы аумақтарда тұратын Қазақстан
Республикасы мен Ресей Федерациясы азаматтарының
Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өтуі
үшін жарамды

ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін

1. Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі және оның шекара маңындағы аумақтың елді мекенінде тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжат.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР 09.10.2019 № 265-VI Заңымен.

2. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты және оның шекара маңындағы аумақтың елді мекенінде тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжат.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР 09.10.2019 № 265-VI Заңымен.

3. Тууы туралы куәлік (16 жасқа дейінгі балалар үшін). Кәмелетке толмаған адамдардың заңды өкілдерінің бірге жүруінсіз жол жүруі кезінде аталған өкілдердің кәмелетке толмаған адамдардың жол жүруіне нотариалды түрде ресімделген келісімдерінің болуы міндетті.

Ресей Федерациясының азаматтары үшін

1. Ресей Федерациясы азаматының паспорты (шекаралық аумақтың елді мекенінде тұратындығын тіркеу туралы белгі болған жағдайда).

2. Ресей Федерациясынан тысқары жерлерде Ресей Федерациясы азаматының жеке басын куәландыратын Ресей Федерациясы азаматының паспорты және Ресей Федерациясының азаматтарын тіркеу есебіне алу органдары оның шекара маңындағы аумақтың елді мекенінде тұратындығын куәландыратын үй кітапшасынан үзінді көшірме.

3. Ресей Федерациясының азаматтығына қатыстылығы көрсетілген тууы туралы куәлік (14 жасқа дейінгі балалар үшін). Кәмелеттік жасқа толмаған адамдардың заңды өкілдерінің бірге жүруінсіз жол жүруі кезінде кәмелетке толмаған адамдардың жол жүруіне көрсетілген өкілдердің нотариалды түрде ресімделген келісімдерінің болуы міндетті.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК